

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАЛҚАШ ҚАЛАСЫ  
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «ӘЛ-ФАРАБИ  
АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН  
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА ИМЕНИ  
АЛЬ-ФАРАБИ» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ  
ГОРОДА БАЛХАШ УПРАВЛЕНИЯ  
ОБРАЗОВАНИЯ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

## БҰЙРЫҚ

20.09.2023 ж

Балқаш қаласы

## ПРИКАЗ

№ 178

город Балхаш

### «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру туралы

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесі 2023 жылғы 15 тамыз № 4 хаттамасымен бекітілген бұйрығына байланысты

### БҰЙЫРАМЫН:

1. 2023-2024 оқу жылында мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмыс жоспары құрылсын.
2. Төмендегі функционалды міндеттермен қоса мектептің ішкі тәртібі бекітілсін:
  - Орталық қызметіне басшылық жасау және бақылау мектеп директорына жүктелсін;
  - Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына: ата-аналар, білім алушылар мен педагогтердің мониторингке қатысуын қамтамасыз ету; Орталық қызметі туралы ақпаратты жоғары уәкілетті органдарға уақытылы жеткізу жүктелсін;
  - Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына: Орталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинеттерін педагогтерге бекіту, ата-аналармен сабақ өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, сабақ өтуі барысында санитарлық-гигиеналық талаптар мен мектепке бөгде адамдардың кірмеуін қамтамасыз ету жүктелсін;

- Мектеп кітапханашысына: педагогтер мен сынып жетекшілерге ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету жүктелсін.

1. Біліктілікті арттыру курстарынан өткен және шығармашыл педагогтер арасынан Орталық қызметін қамтамасыз ететін жұмыс тобы құрылып, құрамы бекітілсін.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: Коккозова Н.К., Толетаева М.К.

Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі: М.Ж.Смаханова

Әлеуметтік педагогтар: Ахметова Э.Ж., Махашова Г.Н.

Мектеп психологы: Мухсинов Е.С.

Аға тәлімгер: Еркебұланова А.Е.

2. 2023-2024 оқу жылына Орталық сабақтарының Бағдарламасы вариативті компонентті таңдау мүмкіндігімен және ата-аналарға сабақ беру бағдарламасының 20-30% әзірлемесі құрастырылып, контенттің мазмұнын сапалы құрылсын, педагогикалық кеңес отырысында бекітілсін.

3. Орталық жұмысы мектептің тәрбие жоспарына «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметі негізінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі» жаңа бағыты енгізілсін.

4. Орталық қызметін мектепшілік бақылауға алу, мектепшілік бақылау жоспарының бөліміне, тармағына өзгерістер енгізу мектеп директорының оқу ісі жөнінегі орынбасары С.Ж.Тлеубековаға жүктелсін.

5. Орталықтың жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету, ата-аналар жиналыстарында Орталық жұмысының тәжірибесімен таныстыру сынып жетекшілерге жүктелсін.

6. Орталық қызметі туралы БАҚ мен әлеуметтік желілерде, мектеп сайтында жариялансын, бірлескен табысты тәжірибе таратылып, Орталық қызметіне мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, қоғамдық ұйымдар мен мектептің Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік серіктестер мен демеушілер тартылсын.

7. Мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым ата-аналардың облыстық, республикалық форумында тәжірибе таратуға және Орталық қызметінің нәтижелігін арттыру бойынша жұмыстарға белсене қатыссын.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Мектеп директоры



Сыздыкова С.Т.